



■ АУДАН ТЫНЫСЫ

Сайлау учаскелері ҚОЛЖЕТІМДІ

БЕЙНЕУ АУДАНЫНДАҒЫ САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНДЕ МҮТЕДЕКТІПІ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ САЙЛАУ ҚҰҚЫҚТАРЫН КЕДЕРГІСІЗ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУЫНА ЖАСАЛҒАН ЖАҒДАЙЛАР ТЕКСЕРІЛДІ. 4-6 ТАМЫЗ АРАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН МОНИТОРИНГ ЖҮМЫСЫНА МАҢЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ЗАҒИПТАР ҚОҒАМЫ БЕЙНЕУ АУДАНЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ АЛЕКЕН БҮЛТЕКОВ, АУДАНЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕСІ ТЕМІРЛАН ЖҰМАБЕК ЖӘНЕ АУДАНЫҚ ЖҮМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІНІҢ МҮТЕДЕКТІПІ БАР АДАМДАР-МЕН ЖҮМЫС ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСКЕРІ ТӨЛЕГЕН НҮРЛЫБАЕВ ҚАТЫСТЫ.



Мониторинг барысында Бейнеу ауданындағы №113, №114, №115, №116, №117, №118, №119, №120, №121, №122, №123, №124, №138, №139, №140, №141 және №142 сайлау учаскелерінің азаматтарға қолжетімділігіне назар аударылды.

Сайлау учаскелері аралы кезінде мүтедектігі бар азаматтардың ғимаратқа еркін кіріп-шығуына, дауыс беру кезінде қажетті көмекті алуына және өздерінің конституциялық құқықтарын толық жүзеге асыруына қажетті жағдайлардың қарастырылғаны анықталды.

Атап айтқанда, учаскелер маңында мүтедектігі бар азаматтардың автокөліктеріне арналған арнайы тұрақ орындары белгіленген. Ғимараттарға кіру үшін пәндүстер орнатылып, қосымша көмек қажет болған жағдайда қызметкерді шақыруға арналған қондырғы бақырмалары орналасқан. Кресло-аба пайдаланатын азаматтарға ыңғайлы болуы үшін кен есікті арнайы кіреберістер қарастырылып, қолжетімділік бел-

гілері қойылған.

Көру қабілеті нашар азаматтардың еркін қозғалуына жағдай жасау мақсатында тактильді бағыттаушы көрсеткіштер де орнатылған. Бұл – сайлау учаскесіне келген азаматтың қажетті орынға өздігінен бағдарлануына мүмкіндік беретін маңызды элементтердің бірі.

Сонымен қатар арнайы ақпараттық бұрыштар ұйымдастырылған. Мұнда сайлаушыларға қазақ және орыс тілдеріндегі аудиобюллетенді нәтижелік арқылы құлақпен тыңдау мүмкіндігі ұсынылады. Дауыс беру процесінде көру қабілеті төмен азаматтарға ыңғайлы болу үшін ұлғайтыпқыштар мен қосымша жарықтандыру құралдары қарастырылған.

Сайлау учаскелерінің бірқатарында кресло-аба пайдаланатын азаматтарға арналған кен ері табалдырлар арнайы дауыс беру қабілетімен жабдықталған. Мұндай жағдайлар дауыс берушінің өз тыңдауын бөгде адамның көмегісіз жасауына мүмкіндік береді.

Мониторинг барысында Брайль қарпімен дайындалған трафареттердің де бар екені туралы ақпарат берілді. Бұл құралдар көру қабілеті бұзылған азаматтардың дауыс беру кезінде таңдауын еркін әрі ыңғайлы жасауына бағытталған.

Жалпы аралық барысында Бейнеу ауданындағы сайлау учаскелерінде мүтедектігі бар азаматтардың сайлау процесіне тең дәрежеде қатысуына қажетті жағдайлар жасалғаны байқалды.

Сайлау – әр азаматтың конституциялық құқығын жүзеге асыратын маңызды қоғамдық процесс. Сондықтан дауыс беруге келген әрбір адамның, оның ішінде ерекше қажеттілігі бар азаматтардың да, өз таңдауын еркін жасауына мүмкіндік болуы – қолжетімді қоғам қалыптастырудың маңызды көрсеткіші.

Жүргізілген мониторинг осы бағыттағы тапсырмаларды сақтауына назар аударып, сайлау учаскелерінің барша азамат үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етудің маңызын тағы бір мәрте көрсетті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған қабылдау өзі жапты дауыс беретін саяси партия атауына ой жағылатын бос шаршыға не «Баріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетенді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзін сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұрғын сайлаушының бюллетені алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегімен пайдалануға қақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тіпті сайлау комиссиясында тіркелген байлаушы.

Толтырылған бюллетенді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ
САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

ЖАУАПКЕРШІЛІК – басты талап

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН «ЗАҢ МЕН ТӨРТІП» ҚАҒИДАТЫН ІСКЕ АСЫРУ АЯСЫНДА АУДАНДА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҮМЫСТАР ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖАЛҒАСУДА.



Осыған орай аудан әкімінің өкімімен құрылған қоғам тастау фактілерін анықтау және алдын алу жөніндегі мониторингтік жұмыс тобы Бейнеу ауданында көзекті ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Мониторингтік жұмыс тобының құрамына полиция бөлімі мен еріктілер, ауыл әкімі аппаратының, Қоғамдық кеңес мүшелері және «Бейнеу ауданы» қоғамдық парашылығы жетекшілері қалғи және автомобиль жолдары бойы» КММ-нің қызметкерлері енгізілген.

Тұрғындарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қоғамдық орындар мен елдімекен аумағын тастауға, тұрмыстық қатты қалдықтарды арнаулы белгіленген орындарға ығыртуға және ауылшаруашылық еңбекіне тазалыққа жетілуінің қолданылатын жағдайы түсіндірілді. Сондай-ақ қоғамдық орындарды тастауға, тұрмыстық және өзге де қалдықтарды рұқсат етілмеген орындарда тастауға заңмен тыйым салынып отырғандығы ескертілді.

Рейд қорытындысында мін тапсырмаларын бұзған бір кәсіпкерге ескерту түріндегі жәбірлік хаттама толтырылды.

Таза ауыл – ортақ тәртіп пен ортақ мәдениеттің көрінісі. Сондықтан туған жердің тазалығын сақтап, белгіленген тапсырмаларды орындау – баршамыздың ортақ парызымыз.

Материалдарды дайындаған Үміт ҚАЗДАЕВА, Гүлжара ЖАЙЫКОВА.

БЕЛСЕНДІ АУЫЛ – берекелі қоғам



«ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТЫҚ АЛЫАНСЫ» ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР БІРЛЕСТІГІ ЖАРИЯЛАҒАН «АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУҒА ЖӨРДЕМДЕСУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДАҒЫ «АУЫЛДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ДАМУҒА» БАҒЫТЫ БОЙЫНША «ЖАЙДАРЛЫ» ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМЫ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ.

Жеңімпаз ұйым «Ауылдағы азаматтық бастамалар – қоғамның тамырына тірек» жобасын жүзеге асыру барысында ауыл тұрғындарының азаматтық белсенділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шара ұйымдастырды.

Жоба аясында ауыл тұрғындарымен «Азаматтық қоғамды дамыту» тақырыбында кездесулер өткізіліп, оған қоғам белсенділері, үкіметтік емес ұйым өкілдері мен бастамашы топ мүшелері қатысты. Кездесулер барысында ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдау, қоғамдық мәселелерді бірлесіп шешу және жергілікті құрылымдардың дамуына үлес қосу жолдары талқыланды.

Сонымен қатар үкіметтік емес ұйым басшылары мен бастамашы топ өкілдерінің біліктілігін арттыру мақсатында арнайы тренинг өткізілді. Тренинг барысында жоба өрілеу, оны қорғау және іске асырудың тиімсіз тетіктері жай-жақты түсіндірілді.

Іс-шараға қатысқан «Маңғыстау Азаматтық Альянсы» ЗТБ президенті Жібек Ахметова жастардың қоғамдық өмірге

белсенді араласуының маңызына тоқталды. Ол ауыл жастарының елдімекеннің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық дамуына өз үлесін қосуына мүмкіндік беретін бастамалар туралы кеңінен айтты, азаматтық белсенділікті арттырудың нақты жолдарымен бөлісті.

Жоба аясында «Жайдарлы» үкіметтік емес ұйым тарапынан «Ауылдық ҰЕҰ әлеуетін арттыруға арналған әдістемелік құрал» атты арнайы брошюра әзірленіп, ауылдың белсенді тұрғындарына таратылды. Әдістемелік құралда ауылдық үкіметтік емес ұйымдардың жұмысын жетілдіру, қоғамдық бастамаларды қолдау және жобаларды тиімді жүзеге асыруға қатысты пайдалы ақпараттар қамтылған.

Аталған жоба ауыл тұрғындарының азаматтық белсенділігін арттырып қана қоймай, ауылдың бастамашы азаматтар мен қоғамдық ұйымдардың өзара байланысын нығайтуға жол ашты. Өйткені ауылдың өркендеуі – белсенді азаматтардың бастамасы мен ортақ ағасы деген жауапкершіліктен басталады.





ХАБАРЛАНДЫРУ

Бейнеу ауданының әкімдігі шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс 2026 жылғы 8 қазанда сағат 16:00-де Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Досан Тәжіұлы көшесі, №10/1 аудан әкімдігінің ғимаратында өткізілетіндігін хабарлайды.

Конкурсқа шығарылған жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Алаңы, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Топырақтың сапалық сыныптамасы	Бонитет балы
1	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Айдабол» жерінен	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр құмдақты	7,0
2	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Айдабол» жерінен	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	7,0
3	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ақорпа» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сазды сұр-қоңыр құмды	3,0
4	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ақпан» жері	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	7,0
5	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Алтықұлап» жері	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
6	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ақорпа» жері	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	5,0
7	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ақорпа» жері	3000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	3,0
8	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ақорпа» жері	5000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
9	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Бұғабай» жері	800	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	6,0
10	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Барысбай» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
11	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Бұғабай» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
12	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Жалғыз шымырау» жері	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	7,0
13	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Дүісенғали фонтаны» аймағынан	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
14	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Мамай» жері	80	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды құмдақты топырақта	5,0
15	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Күйеу» аймағы	850	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
16	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Қоңшымырау» жері	300	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сазды сұр-қоңыр құмды	3,0
17	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Құлажан» жері	430	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
18	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Құтайы» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	4,0
19	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Құлажан» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
20	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Құлажан» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	3,0
21	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Қабан» жері	100	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	7,0
22	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Қарасай» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	6,0
23	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Өтебай» жері	310	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сазды сұр-қоңыр құмды	3,0
24	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Сарымбетке» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	1,0
25	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Сайқұлақ» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	қоңыр құмдақты топырақта	7,0
26	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Салқынды» жолы бойы	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	5,0
27	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Серікбай» жері	380	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды-саздақты	5,0
28	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Торғай» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
29	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Төлеп» жері	400	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
30	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Үйсіз» жерінен	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
31	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Үш Тұрсынбай» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
32	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Шуашты» жері	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	7,0
33	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ақшербеген» жері	600	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	6,7

34	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ірімшікті» жері	1500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	7,0
35	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, №464 бекеттің батысынан	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
36	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, №464 бекеттің батысынан	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
37	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, №464 бекеттің шығыс бөлігі	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
38	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, №461 бекеттің батыс бөлігі	800	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр саздақты топырақта	11,0
39	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, №2 бекет мынаынан	100	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
40	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Салқынды» жерінен	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды саздақты топырақта	5,0
41	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, «Ысы» фонтанның оңтүстігінен	500	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сазды сұр-қоңыр құмды	1,0
42	Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, №461 бекеттің батысынан	1000	Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін	сұр-қоңыр сортаңды-саздақты	9,0

Ескерту: Жер учаскелері сумен қамтамасыз етілген.
Жер учаскелерін жалға беру мерзімі: 10 жыл.

1. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1-бабында және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 бұйрығында белгіленген тәртіптен ұйымдастырылады және өткізіледі.

2. Конкурсқа қатысу туралы өтінімдер хабарлама жарияланған күннен бастап **30 (отыз) күнтізбелік күн** өткен соң, **2026 жылдың 17 қыркүйегі мен 7 қазаны аралығында** Бейнеу ауылы, Досан Тәжіұлы көшесі, №10/1 аудан әкімдігінің ғимаратының 1-қабатында «Бейнеу аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесінде қабылданады. Байланыс телефондары: 8 (72932) 2-12-35, 2-13-67.

3. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға арналған өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды құлғалары үшін – заңды құлғанын ағуы, оның тұрған жері, заңды құлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды құлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес құлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке құлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын құлғандыратын құлғаға көрсетілген болса), тұрғыншығы жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын құлғандыратын құлғаға туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үйіттеп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық жеңілімде деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасау жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде және құлғанын немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды құлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхатты негізінде ұсына алады.

Осы талаптарға сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінім қабылдамай тастауға жатады.

4. **Конкурстық ұсыныста:**

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамады көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішкілік жерге орналастыру жобасын жасау және ігеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы №7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өмірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртарапандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитарлық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

5. Конкурстық ұсыныста, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері немірленіп, тігілген түрде мерзімнен немесе өмірлік шартпен сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке құлғалар (немесе сенімді өкілі) үшін – қатысушының қолымен және заңды құлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкілі) қолымен және мерзім (бар болса) қуаландырылады.

6. Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажыраса бөлігі болып табылады.

7. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірімдер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

8. Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «_____ жылғы _____» «_____» дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

9. Конкурстың жеңімпазын жер комиссиясы тиісті өлшемшарттарды ескере отырып, балл беру арқылы конкурстық ұсыныстарды салыстыру негізінде айқындайды.



■ РУХАНИЯТ

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ –
ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

ӨБШІ КЕКІЛБАЙҰЛЫ АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІНІҢ БЕЙНЕУ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНДА ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛЫ, КЕМЕҢГЕР АҚЫНЫ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ДАНА АБАЙ – ДАРА АБАЙ» АТТЫ ТАНЫМДЫҚ ШАРА ӨТТІ.



Тағымды кездесте ақынның ардақты аналары мен ұстаздары қатысып, ұлы ақынның рухани мұрасы мен шығармашылық жолы жайында ой бөлісті.

Шара аясында Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылып, ақынның бейнесі бейнеленген көркем тұлғалар көпшілік назарына ұсынылды. Көрмедегі ерекше дүниелердің бірі – хой жүнінен тоқылған, кестеленген Абайдың портреті.

Ақпалаң тұманды Айбұсу Нұржанованың жет екілігімен дабылдатын Абайдың бейнесін ақ матала сурет пенінің мұрағаты (маркум) Амангелді Базов шеберлікпен түсірген. Ал оны шықпты Мараз Өтегеновмен бірге кестелеп шыққан. Портретте ақынның қасы, көзі мен кірілігі ерекше шеберлікпен бейнеленіп, Абайдың жаңды бейнесін айқын жеткізді. Тұядының ұзындығы – 70 сантиметр, ені – 50 сантиметр.

Бұл құнды көлөнер туындысы 1995 жылғы Алматы қаласында өткен Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына арналған көрмеге Маңғыстау облысының атқан арнайы апарылған. Көрмеде жоғары бағаланып,

жүздеп орынға не болған.

Тағымдық шара барысында аудан оқушылары Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақынның сыртқы жырларын көпшілікке жеткізді. Сонымен қатар жас домбырашылар қазақтың күмбіртеген күйлерін орындап, шараны мақұлдап байыта түсті. Өнері өркендеп өнеріне көрмендері ыстық мақсасын білдірді.

Кездесу соңында қатысушыларға Абай Құнанбайұлының өмір жолы, шығармашылығы мен қазақ руханиятында орын туралы тағымды ақпарат берілді. Ұлы ақынның адамгершілік, білім, еңбек пен ғылымды дәріптеген мол мұрасы кейінгі ұрпақ үшін қандай да бір темірқазық екені аяп өтті.

Тағымды толы шара ұлы Абайдың мұрасын насихаттап, жас ұрпақты ақыл-шығармашылығын тереңірек таныту үлесіне иеленді кездесте ұласты.

Жаналыс АЙТҚУЛОВА,
Ә.Кекілбайұлы атындағы
Маңғыстау облыстық
тарихи-өлкетану музейі
Бейнеу аудандық филиалының
эксперті жетекшісі.



12 ТАМЫЗ – ЖАСТАР КҮНІНЕ ОРАЙ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚОЛДАУЫМЕН «АУЫЛДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАР – ҚОҒАМНЫҢ ТАМАЫРЫНА ТІРЕК» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ЖАЙДАРЛЫ» ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМЫ ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА «КІТАП – АЛТЫН ҚАЗЫНА» АТТЫ ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫС ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.

ЖАСТАР ЖӘНЕ КІТАП ӘЛЕМІ

Шараны «Жайдарлы» ҰЕҰ директоры Нәбия Айлашова ұйымдастырып, жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, әдебиет мұраны насихаттау және білімді, зерделі ұрпақ тәрбиелеуді мақсат етті.

Зияткерлік доғда мекеме қызметкерлерінен құралған «Әдебиет әлемі», «Сөз зергерлері», «Шахан шері» және «Бәйтерек» топтары қатысып, өзара бақ сынады.

Үш кезеңнен тұратын сайыс барысында қатысушылар білімдерін жан-жақты сынады. Алғашқы кезеңде әдебиетке қатысты викториналық сұрақтарға жауап берсе, келесі кезеңде қазақ ақындарының шығармаларын жатқа оқып, мәнерлеп оқу шеберліктерін көрсетті. Ал шығармашылық тапсырмада қазақ қаламгерлерінің туындыларындағы кейіпкерлерді сипаттап, тапқырлықтары мен әдеби білімдерін ортаға салды.

Әр кезең сайын тартысты өткен сайыста топ мүшелері ұйымшылдық пен белсенділікті үлгісін көрсетті. Әдеби шапқандықтары жақсы



біліумен қатар, олардың мазмұнын терең түсініп, кейіпкерлер әлемін шебер жеткізе білген қатысушылар көрермен мақсасына бөленді.

Сайыс қорытындысында I орынды «Әдебиет әлемі», II орынды «Сөз зергерлері», III орынды «Шахан шері» топтары иеленді. Ал «Бәйтерек» тобы «Үлгі әдеби зрушы» номинациясына зайық деп танылды.

Сонымен қатар сайыс барысында ерекше белсенділік танытқан «Шахан шері» тобының мүшесі Рахым Орынбасаров «Белсенді қатысушы»

номинациясымен марапатталды.

Жеміпталар мен жүлделергерге ұйымдастырушылар тарапынан арнайы дипломдар мен сыйлықтар табыс етілді.

Кітап – адамзаттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани қазынасы. Осындай тағымды шаралар жастарды кітапмен жақындатырып қана қоймай, олардың ой-өрісін кеңейтіп, ұлттық әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттыра түсетін сөзсіз.

Үміт АСҚАРҚЫЗЫ.

■ ТӘРБИЕ

БАЛА ӨМІРІНДЕГІ
ЭКРАННЫҢ ОРНЫ

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ТЕЛЕФОН МЕН ПЛАНШЕТ БАЛАНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНІҢ БІР БӨЛІГІНЕ АЙНАЛДЫ. СМАРТФОН АРҚЫЛЫ БАЛА МУЛЬТФИЛЬМ КӨРІП, ОЙЫН ОЙНАП, ТҮРЛІ АҚПАРАТТАРМЕН ТАНЫСА АЛАДЫ. ДЕГЕНМЕН ТЕЛЕФОНДЫ ШАМАДАН ТЫС ПАЙДАЛАНУ БАЛАНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНА, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ЖӘНЕ ДАМУЫНА КЕРІ ӨСЕР ЕТУІ МҮМКІН.

Мектепке дейінгі жастағы бала үшін ең маңыздысы – қоршаған ортамен тікелей қарым-қатынас жасау, ойып сөйлесу, қозғалу және жан-нәрсені өз көзімен зерттеу. Ал ұзақ уақыт экранға қарау баланың белсенділігін төмендетіп, айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауына кедергі келтіруі мүмкін.

Телефонға тәуелділіктің алғашқы белгілерінің бірі – баланың телефонын ата-анасынан жеті сұрауы. Телефон берілмеген кезде алаңдау, жолдау, мазасыздану, басқа ойындарға қызығуы да назар аударатын жағдайлар. Кейбір балалар таманқты кезінде немесе ұйықтап алғанда да телефонсыз отыра алмайтын әдет қалыптастырады.

Телефонды ұзақ қолдану баланың ұйқы тәртібіне де әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар қозғалыстың азаяуы баланың дене белсенділігін төмендетеді. Сондықтан ата-ана баланың экран алдында өткізетін уақытын бақылап, оның орнына қызықты әрі пайдалы әрекеттер ұсынуы қажет.

Балабақшада бұл мәселені шешудің тиімді жолы – баланы телефоннан бірден алыстату емес, оның назарын қызықты ойындар мен шығармашылық әрекеттерге бағыттау. Құрастыру, сурет салу, мүсіндеу, ертегі тыңдау, үстел үсті ойындары, қымалды ойындар және табиғатты бақылау сияқты жұмыстар баланың танымдық қабілетін дамытады.

Балға телефонды тектесте кезінде ең басты үлгі – ересек адамның өзі. Егер ата-ана баланың кешіне телефонды үнемі қолданса берсе, баладан оны азайтуды талап ету қиын. Сондықтан отбасында «телефонсыз уақыт» ұйымдастырып, оны бірге кітап оқу, серуендеу, әңгімелесу немесе ойын ойлауға арнаған дұрыс.

Қорытындылай келе, телефон – дұрыс пайдаланылған жағдайда пайдалы құрал. Бірақ ол баланың ойын, қарым-қатынасын, шығармашылығын және қоршаған ортаны зерттеуін алыстырмауы керек. Баланың бос уақыты балалық шығармашылық емес, пәлсіз өмірдегі ойын мен қызық қарым-қатынас етеді.

Баланың телефонға емес, ойына, ойына, шығармашылыққа және адамдармен қарым-қатынасқа қызығушылығын арттыру – ата-ана мен педагогтің ортақ міндеті.

Жазира ОРАЗЫМБЕТОВА,
«Айым» балалық қызығушылығын тәрбиешісі.

■ МАМАН КЕҢЕСІ

ҚОҚЫСТЫ ЖАҒУ –
ӨРТКЕ ӘКЕЛЕДІ

АУДАНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ ЖҮРГІЗГЕН ТАЛДАУ НӘТИЖЕСІНДЕ СОҒҒЫ УАҚЫТТА ТҮРГЫН ҮЙЛЕРДІҢ АУЛАЛАРЫНДА ЖӘНЕ ОЛАРҒА ЖАҚЫН АУМАҚТАРДА ҚОҚЫС ЖАҒУ, ОТ ЖАҒУ САЛДАРЫНАН ӨРТ ЖӘНЕ ЖАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ КӨБЕЙГЕНІ АНЫҚТАЛЫП ОТЫР.

Мәселен, 2026 жылдың басынан бері қоқас жағуға байланысты 12 жану жағдайы тіркелген. Бұл жыл басынан бері өрт сөндіру бойынша түскен жалпы шамаулардың 22 пайызын құрайды. Тәжірибе көрсеткендей, кейбір тұрғындар құрылыс нысандарының, қора-қолысы мен шаруашылық құрылыстарының маңында, сондай-ақ құраған шөптер жиналған аумақтарда от жағып, қауіпсіздік талаптарын сақтай бермейді. Мұндай әрекет өрттің туындауына және оның жақын орналасқан нысандарға таралуына себеп болуы мүмкін.

Өсіресе ыстық әрі желді күндері оттан бақылаудан шығып, айналға тез таралу қауіпі жоғары. Қоқысты қараусыз қалдырып жағу немесе отты балалардың қарауына беру де орны толмас жағдайға әкелуі ықтимал. Сондықтан қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңызы зор.

Осыған байланысты аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі тұрғындарды өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауға шақырады. Тұрғын үй аулаларында, қора-қолысы мен басқа да құрылыстарға жақын аумақтарда қоқас жағуға және отты қараусыз қалдыруға жол бермеу қажет.

Сонымен қатар қоқас пен басқа да қалдықтарды белгіленбеген жерде жағу заң талаптарына хайшы екенін ескертеміз. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 336-бабына сәйкес қалдықтарды белгіленбеген жерде жағу және тиісті талаптарды бұзу бойынша жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Өрт қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілік. Бір сәттік салғырттық үлкен өртке ұласуы мүмкін. Сондықтан қоқысты жағудан бас тартып, қауіпсіздік талаптарын сақтайық!

Ержан ЛЕПЕСОВ,

аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері.

Меншік иесі:
МАҢҒЫСТАУ
MEDIA ЖШС

Директордың м.а.
Сұлтанбек ҚҰДАЙБЕРГЕН

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru

РАУАН
аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.02.2013 жылы ескеле қойылып, №13363-Г куәлігі берілген.

Редактордың м.а. – Үміт ҚАЗДАЕВА.
Тіпші: Гүлнара ЖАЙЫҚОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС
Ақпарат және дизайн орталығында бетпелді

Беттеуші дизайнер – З.Сейдахметова.

«ӨНЕРІМ» ЖШС
баспаханасында басылды.

Ақтау қаласы, 22-шағын аудан 38/3.
Телефон: +7 77 012 22 38.

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көздарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сіттемесіз өшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға редакция жасамады және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер фотоматериядан алынады.

Таралымы: 2364. Индекс: 65690.
Тапсырыс: 179 Газет бағасы келісілді.

АУАРАЙЫҚТОҒАМЫ

18 ТАМЫЗ

түнде: +20, күндіз: +31

19 ТАМЫЗ

түнде: +20, күндіз: +34

20 ТАМЫЗ

түнде: +25, күндіз: +34

21 ТАМЫЗ

түнде: +22, күндіз: +36

22 ТАМЫЗ

түнде: +23, күндіз: +35